



## Жәнібек ауданының аумағында № 144, 147 және 148 сайлау учаскелерін құру туралы

### *Күшін жойған*

Батыс Қазақстан облысы Жәнібек ауданы әкімінің 2013 жылғы 1 наурыздағы № 2 шешімі. Батыс Қазақстан облысы Әділет департаментінде 2013 жылғы 19 наурызда № 3213 болып тіркелді. Күші жойылды Батыс Қазақстан облысы Жәнібек ауданы әкімінің 2014 жылғы 26 наурыздағы № 9 шешімімен.

**Ескерту. Күші жойылды Батыс Қазақстан облысы Жәнібек ауданы әкімінің 26.03.2014 № 9 шешімімен**

Қазақстан Республикасының 1995 жылғы 28 қыркүйектегі "Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы" Конституциялық Заңының 23-бабына, Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 33-бабына сәйкес, Жәнібек аудандық аумақтық сайлау комиссиясының келісімі бойынша **ШЕШІМ ЕТЕМІН:**

1. Жәнібек ауданының аумағында № 144, 147 және 148 сайлау учаскелері қосымшаға сәйкес құрылсын.
2. Сайлау учаскелерінің шекаралары туралы сайлаушыларды бұқаралық ақпарат құралдары арқылы хабарландырсын.
3. Осы шешімнің орындалуын бақылау аудан әкімі аппаратының басшысы Ж. Абдоловқа жүктелсін.
4. Осы шешім алғаш ресми жарияланған күннен кейін қолданысқа енгізіледі.

*Аудан әкімі*

*Б. Есенғалиев*

Аудандық  
комиссиясының

(аумақтық)

Р.

**К Е Л І С І Л Д І :**  
сайлау  
төрағасы  
Қарашин

-----  
01.03.2013 ж.

Аудан әкімінің  
2013 жылғы 1 наурыздағы  
№ 2 шешіміне қосымша

## Жәнібек ауданының аумағында № 144, 147 және 148 сайлау учаскелері

№ 144 Мектеп сайлау учаскесі

Орналасқан жері: Жәнібек ауылы, № 1 жалпы орта білім беретін мектеп ғимараты, Б. Жәнікешев көшесі 72, байланыс телефоны 21376.

Шекарасы: Жәнібек ауылының А. Байтұрсынов көшесі № 67-131 үйлер; Ш. Мажитов көшесі № 108-176 үйлер, № 89-175 үйлер; Т. Абдрахманов көшесі № 104-170 үйлер, № 97-181 үйлер; Б. Жәнікешев көшесі № 74-152 үйлер, № 97-191 үйлер; М. Ықсанов көшесі № 90-156 үйлер, № 87-117 үйлер, Қ. Мусин көшесі № 7-27 үйлер, № 4-24 үйлер; М. Мәметова көшесі № 2-14 үйлер, Ғ. Қараш көшесі № 24-28 үйлер.

№ 147 Ұзынкөл сайлау учаскесі

Орналасқан жері: Ұзынкөл ауылы, ауылдық мәдениет үй ғимараты, телефон: 26199.

Шекарасы: Ұзынкөл ауылы, Мұратсай, Абдолла, Мыңжас, Кондевин, Апақаш, Сабила, Азамат, Орлы, Нұрберген, Алихан қыстақтары, Ақоба ауылының Т. Абдрахманов, А. Иманов, Қ. Мусин, М. Әуезов, Абай, Т. Жароков көшелері.

№ 148 Еңбекші сайлау учаскесі

Орналасқан жері: Еңбекші елді мекені, бастауыш мектеп ғимараты, байланыс телефоны: 26074.

Шекарасы: Еңбекші елді мекені, Инженер, Арашайым, Баймұрат, Бруцеллез, Құбаш, Алтықашар, Тәни, Аманқос, Бірінші қыстақтары. Ақоба ауылдық округінің Терек, Ақкөл, Передаточный, Ордженикидзе, Пайыл, Сарай, Кузнец, Молотов - 1, Молотов - 2, Сүлеймен қыстақтары.